

БАЛАЛАРЫҢДЫ МЕКТЕПКЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫ ОҢАЙ ҚЫЛЫҢЫЗ

1. Жеке ақпарат

Кіріспе сұхбат кезінде сіз өзіңіз туралы және балаңыз туралы мектепке мүмкіндігінше көбірек ақпарат беріңіз. Ақпарат тек мектеп қажеттіліктеріне арналған және басқа адамдармен бөлісілмейді. Олар мұғалімдерге сіздің балаңызben байланыс орнатуға, оны жақсы түсінуге және білім беруде көмектеседі.

Мектепке төмөндегі ақпаратты беріңіз:

Балаңыздың аты қалай жазылады және қалай айтылады, сіз оны үйде қалай атайсыз.

Қай елден келген;

Чехияда өмір сүру түрі;

Чехияда өмір сүру себебі;

Мектеппен байланыс орнататын адамның мекен-жайы мен байланыс деректері және қолайлы байланыс әдісі;

Сіздің Чехиядағы жұмысыңыз;

Сіздің балаңыздың қазіргі білім беру барысы;

Балаңыздың білім алуына әсер ететін жағдайлар (таланттар, шектеулер);

Денсаулық жағдай;

Тамақтану әдеті;

Хобби мен қызығушылығы.

2. Мектептегі саяхат

Балаңызбен жаңа мектеп туралы сөйлесіңіз. Оның сезімдері - қорқыныш, уайымын байқап таныңыз.

Балаңызбен бірге мектептен өтіңіз, онымен мектептен алған барлық материалдарды оқып шығыңыз.

3. «Гидтер» қолдауы

Көптеген мектептерде жаңадан келгендеге «гид» деп аталатындар көмектеседі. Сіздің балаңызға сабак және үзіліс кезінде оған қамқорлық жасайтын сыныптастас тағайындалады. Балаңыздан біреу оған көмектесіп жүргенін және оның аты-жөнін сұраңыз.

4. Мектеппен байланыс

Егер өзіңіздің чех тіліне сенімді болмасаңыз, мектептен сізге аудармашы үйымдастыра алатынын сұраңыз немесе кіріспе кездесуге өз аудармашыңызды алып келіңіз.

Мұғаліммен бір-бірімен қалай сейлесу керектігі туралы келісіп, қажет болған жағдайда жүгіне алатын адамдармдың аты жөні, телефон байланысын сұраңыз. Кез-келген түсініксіз жағдай болса, мектеппен байланысудан тартынбаңыз. Сіздің қатысуыңыз балаңыздың білім алуына өте маңызды.

5. Барлық ақпаратты алдыңыз ба?

Сізден мектеп қандай ынтымақтастықты қажет ететінін білесіз бе? Сіз мектеп пен сынып ережелерін білесіз бе? Бала мектепке келе алмайтын болса қалай, қашан және кімнен сабактан рұхсат сұрауды білесіз бе? Сіз балаңызға білім беруде қалай көмектесе алатыныңыз туралы жеткілікті ақпаратыңыз бар ма? Бағалау жүйесін түсінесіз бе? Сізде балаңызға қажет көмекші құралдар тізімі бар ма? Сіз мектеп асханасы, мектеп тобы,

сыныптан тыс жұмыстарды қалай жұмыс істейтінін білесіз бе? Сіз мектеппен байланыс орнатуда қандай онлайн жүйенің қолданылатынын білесіз бе? Үйге тапсырма қалай тапсырылатынын білесіз бе? **Егер білмейтін болсаңыз, мектепten қорықпаңыз, бұл сіздің балаңызға қажет.**

6. Балаңызбен сөйлесіңіз

Жаңа ортаға бейімделу және жаңа тілді үйрену әр бала үшін өте қыын. Сіздің балаңызға сіздің қолдауыңыз барынша қажет. Егер сіздің балаңыз өз еліңізде мектепке барып, жақсы нәтиже көрсеткен болса, онда алғашқы айларда чех мектебінде көнілі қалып, сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Чех тілін екінші тіл ретінде үйреніп жүрген ересек балалар үшін бұлай сезіну қалыпты жағдай. Оларға уақыт берініз, асықпаңыз және оларды қолдаңыз. Олардың қабілеттеріне сенетіндігіңізді көрсетіңіз. Сабыр сақтаңыз.

Чех тілінде қарапайым коммуникативті дағдыларды дамыту үшін бір жыл және стилистикалық жұмыстарды сәтті жаза алу үшін 7 жылға дейін уақыт қажет. Егер мектеп педагогикалық-психологиялық кеңес беру орталығында кеңес беруді ұсынса, ынтымақтастық жасаңыз. Бұл сіздің балаңызға қажет, мектеп оған көмектесуге тырысады. Ол сіздің балаңызға оқытудың жақсы нәтижелеріне қол жеткізуі үшін қолдау көрсеткісі келеді.